МКҚК №4 «Гүлдер» бөбекжай-балабақшасы іс- қағаздарын жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлардың жеке іс-қағаздары талапқа сай, жеке іс-қағаздарда кадрларды жұмысқа алу өтініштері, жұмысқа қабылданғандары туралы бұйрықтары, еңбек шарттары, диплом көшірмелері, өмірбаяны, жеке куәлігінің көшірмесі, еңбек кітапшалары, біліктілік арттыру курстарынан өткен сертификаттары және біліктілік санаты туралы бұйрықтарының көшірмелері барлығы түгел. Негізгі қызмет бойынша, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітаптарының жүргізілуі талапқа сай тігілген және нөмірленіп бауланған.

## Ұсыныстар

1. Жаңа форматта педагог кадрлардың сапалық деңгейін көтеру бағытындағы түсіндірме жұмыстары жүйелі жүргізілсін.

## Қорытынды

1. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлармен жүргізілетін жұмыс жүйелі жолға қойылған.

2. Педагог кадрлардың 1 жылдық іс-қағаздары, құжаттары талапқа сай жинақталып жүргізілген.

## *Педагог-психологтың 2023-2024 оқу жылына жүргізілген жұмыс*

№4 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасының педагог-психологы – Сәрсенбаева Гүлзат Зейнуллаевна

**Мақсаты :** тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін және балалардың эмоциялық оңдылығын мен психофизикалық денсаулығын сақтаудың талаптарын қамтамасыз ететін дамытудың жағымды әлеуметтік ортасын қалыптасыруда педагогтарға, ата-аналарға, әкімшілікке көмек көрсету.

### **Міндеттері:**

- балалардың психологиялық даму нәтижелерін бақылап отыру;
- балалардың дамуындағы мәселені шешуге психологиялық көмек көрсету үшін жағдай жасау;
- балаларды индивидуалды және жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі негізінде психологиялық талдауды жүзеге асыру;
- көңіл-күйлерін ұйымдастыруға қатысу;
- педагогикалық ұжымды және ата-аналарды психологиялық ағарту арқылы, сұраныс иелерін психолог жұмысының түрлерімен, ақыл-кеңестермен, бағыттарымен құқықтары және міндеттерімен таныстыру арқылы, педагогикалық ұжымды психологиялық қызметтің жұмыс стратегияларын жасауға қатыстыру.

### **Психология қызметінің негізгі жұмыс бағыттары**

#### **Психологиялық диагностика.**

**Мақсаты:** Тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай – ақ тұлға аралық өзара әрекет ерекшеліктерін де зерттеу.

#### **Психологиялық профилактика**

**Мақсаты:** Тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау.

#### **Психотүзету (психокоррекция) және дамыту.**

**Мақсаты:** Тәрбиеленушілердің психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болырмау, жалпы оқу дағдысы мен біліктілікті дамыту.

#### **Психологиялық кеңес (консультация) жүргізу.**

**Мақсаты:** Педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді шешуге көмек көрсету

#### **Психологиялық білімді көтеру**

Мақсаты: Педагогикалық үрдістерге қатысушылардың психологиялық мәдениетін көтеру

### **Журнал:**

- түзету дамыту журналы
- ақыл-кеңестік журналы

### **Балалармен жұмыс**

- балалардың балабақша бейімделуі, адаптациялық кезеңнен өтуіне психологиялық көмек көрсету- жаңадан келген балалармен танысып топ тізімін дайындау;
- балабақшаның балаға әсер етуін анықтау (сұрақ-жауап) -ҰІӨ-не қатысу топтың ауа райын бақылау;
- «төмен» деңгейдегі балалармен жұмыс- мектепке дайындығын анықтау (сұрақ-жауап);
- жыл бойына психологиялық түзету-дамыту жұмыстар жүргізу.
- ерекше білімді қажет балалармен жеке жұмыс

### **Ата-аналармен жұмыс**

- «Баланың жас шамасына сай даму ерекшеліктері» ақыл-кеңестер беру;
- «Жазаламай тұрып, ойлан!» ақыл-кеңес;
- Ата-аналар бұрышына: «Егер бала балабақшаға баруды қаламаса» (кіші топтар);
- «3 жастағы балалардың дағдарыстары.»;
- «Балаңыздың тіл дамуы»;
- Ата-аналар жиналыс отырысына қатысу;
- «Солақай бала» ;
- «Балалар қорқынышы»;
- «Баяу бала»;
- «Жылауық балалар»
- Мектепалдыдаярлық топ ата-аналарымен: - «Сіздің балаңыз болашақ оқушы!».

### **Педагогтармен жұмыс**

- әкімшілікке әлеуметтік психологиялық көмек -педагогтардың жаңа оқу жылына психологиялық ахуалын жақсартуға көмек беру;
- «жас тәрбиешілерді, мамандарды ұжымға бейімдеу, психологиялық тұрғыдан ақыл-кеңестер беру» баяндама;
- тренингтер;
- тәрбиешілердің Ұ.О.І.Ө-не қатысып психологиялық тұрғыдан бақылау-жылдың аяғында топтың «даму деңгейін»анықтау;
- психологиялық жылдық есеп беру-тұлғаның әлсіз және күшті тұстарын анықтау -жайлы психологиялық микроахуал қалыптастыру.

**Мақсаты:** психологтың атқарған жұмыстарына тоқталып, шолу жасап, атқарған жұмыстарына байланысты есеп беру.

2023-2024 оқу жылының жүргізілген жұмыстарға келетін болсақ:

Балалардың балабақшада, топта бейімделуін анықтау мақсатында оқу жылының бастапқы айларында, бақылауға ерте жас топтар алынып, бейімделу парақтары толтырылды. Қорытынды шығарылды :

- бейімделуі жеңіл-%;
- орташа-%;
- бейімделуі қиын-%.

Қиын бейімделген балалардың тәрбиешілеріне кеңестер берілді, ата-аналарымен әңгіме жүргізілді, кіші топтардың ата-аналарына «Баланың балабақшаға бейімделуі» туралы яғни үйдегі баланы балабақшаға әкелгенде оңай қабылдау үшін, оған қандай көмек көрсету қажет екенін ата-аналарға әртүрлі психологиялық кеңестер ұсынылды. Балалар бақылауға алынып, ойын-сабақтар өткізілді.

Жалпы 12 топпен де жұмыс жасалды, оның ішінде зертеу жұмыстар ортаңғы 4 топпен (4,5 жас аралығындағы балалармен) жұмыс жасалды. Жылдық жоспар, жұмыс кестесі және циклограмма құрылды. Топ балаларымен танысып тізімі дайындалды. «Психологиялық ойын» арқылы балалардың ойынның әртүрлі ережелерді сақтауға үйрету, балаларды біріктіру өзара сенім жағдайын құру, танымдық процесстерін дамыту, көңіл-күйлерін қалыптастыру, белсенділіктерін арттыру *мақсатында* түзету-дамыту, жеке жұмыстары жүргізілді: психологиялық диагностикада таным процесстерін зерттеу, қарым-қатынас диагностикасы, мінез-құлықкерекшеліктерін зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Сонымен қатар балабақшамызда ерекеше білімді қажет ететін 5 бала бар. Әрбір балаға түзете-дамыту бағдарламасы құрылып ,балалармен жеке жұмыстар жүргізілді.

Психодиагностика қорытындысында ойлау, есте сақтау қабілеттері, зейіні «төмен» балалар анықталды, берілген сурет арқылы әңгіме құруға қиналатын, сөз қоры аз екені байқалып, психологиялық ойын арқылы балалардың «ойынды» әртүрлі ережелерді сақтауға үйрету,балаларды біріктіру өзара сенім жағдайын құру мақсатында, эмоционалдық тұрақсыздықтары бар, агрессивті мінез-құлықты балаларменжеке жұмысын жүргізеді.

Ойлау, есте сақтау қабілеттері, зейіні мен қабылдауы төмен балалармен жеке жұмыстар

**Мақсаты:** жас ерекшеліктеріне сай қабілеттерін нығайтып, арттыру.

**Қабылдауы төмен** балалармен «Сиқырлы қапшық», «Тауып көр», «Үлкен-кіші» «Ұзын-қысқа», «Моншак», «Жыл мезгілдері» ойындары өткізіледі.

Зейін тікелей қызығушылықпен байланысты (ырықсыз зейін), өйткені қызықты іске бала көңілі тез ауады. Сондықтан зейіні тұрақсыз балалармен ойын-жаттығуларды қысқа мерзімді, бірақ жиі қайталанып отырылу қажет.

**Зейіні төмен**балалармен «Адасқан сызықтар», «Лабиринт», «Толықтырып сал», «Кімнің дыбыстауы», т.б.ойын-жаттығулары өткізіледі.

**Есте сақтау қабілеті төмен** балалармен «Жадында сақтап салып көр», «Затты сипатта», «Тыңда да,орында!» т.б. ойындар өткізіледі.

**Ойлауы төменбалалармен** «Затты сипатта», «Сыңарын тап», «Дұрыс-бұрыс», «Тізімді жалғастыр» т.б. әдістемелер қолданады.

**Эмоционалдық тұрақсыздықтары бар** балалармен аутотренингтер, «Менің көңіл-күйім» сурет салу, құм терапиясын қолданып «Ойыншықтар қалашығы» сабағы, психогимнастика жаттығулары өткізіледі.

**Агрессивті мінез-құлықты** балаларда агрессияны тиімді тәсілдермен шығару жолдарын қалыптастыру, агрессияны дұрыс қабылдау және одан шығу үшін сезімдеріне жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында «ашу», «итерісу», «автобустағы оқиға», «сезімдер әлемі», релаксация жаттығулары және т.б. ойын-жаттығулар өткізіледі.

Жеке жұмыс баланың қабілетін ашуға септігін тигізеді, жүйелі жұмыстың арқасында балалар ұйымшылдыққа үйреніп, оқу қызметінің дағдылырын меңгеріп, жаңа технологиялармен танысып, бағдарламаларды игеруде.

Оқу жылдың басында қазан қараша айларында және оқу жылдың аяғында наурыз сәуір айларында балалармен зерттеу жұмыстары жүргізіліп, таным процесстерін анықталып мониторингі шығарылды. Ортаңғы топ балаларының ойлау қабілеттері жылдың аяғында «орташа» екені анықталды, яғни берілген сурет арқылы әңгіме құруға қиналатынын, сөз қоры аздау екенін байқалды. Жалпы балалардың балабақшаға деген әсері жақсы, достары көп екені анықталды.

Ақпан айында ата-анадан балабақшаның тәрбиешілеріне, оқу іс-әрекетін ұйымдастыруына, жалпы балабақшаға деген көзқарасын, балабақша мамандарының қандай көмек күтетінін анықтау мақсатында ата-ана жиналысы барысында сауалнама алынды. Тренинг өткізілді және өтініш білдірген ата-аналарға жеке кеңестер берілді.

Педагогтармен жүргізілген ақыл кеңестік жұмыстар ретіне келер болсақ, «Жас тәрбиешілерді ұжымға бейімдеу, психологиялық тұрғыдан кеңес беру» , «Адамгершілік – рухани байлық» тақырыбында баяндама тыңдалды; «Достық, Әріптестік, Ұжым», «Команда болу», «Жақсы көңіл-күй - жан азығы», «Отбасым-байлығым», «Биле, биле» атты тренингтер және педкеңестерде релаксация жаттығулары өткізілді.

Жас мамандардың жұмысындағы қиындықты анықтауға арналған диагностикалық сауал-сұрақтар 3 жас маманнан алынды

2023-2024 оқу жылының жүргізілген жұмыстарды қорытындылай келе, жоспар бойынша қойылған жұмыстар толықтай болмаса да жүзеге асырылып, психологиялық анықтамалар берілді. Психологиялық қызметтің жұмысының нәтижелілігін тек мынадай жағдайда көруге болады деп ойлаймын: психолог пен педагогикалық ұжымның білім беру жүйесіндегі оқыту тәрбие жұмысындағы кәсіби қарым-қатынас біртұтас болса, бала тәрбиесіндегі психологтың көзқарасы мен педагогтың балаға деген көзқарастары бірін-бірі толықтырып отырса, ата-анамен байланыста болса жұмыс өз нәтижесін береді

## Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау

№4 «Гүлдер» бөбекжай-балабақшасында оқу-тәрбие жұмысы келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

-Тәрбиеленушінің жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оның жан-жақты дамуын қамтамасыз ету;

-Баланың дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;

Бүлдіршіндерге қолжетімді жағдайлар жасау мақсатында барлық 12 топтарында заттық-кеңістікті дамытушы орталықтар жас ерекшеліктеріне сай жасақталған, безендірілген, қажетті көрнекілік құралдармен қамтамасыз етілген. Тәрбиеленушілердің денсаулығын мен өмірін сақтаудағы қауіпсіздік ережелері қатаң сақталған. Топтардың кіре беріс дәлізінен бастап, қазіргі күн талабына сай стендтер ілінген, балалардың қабылдау бөлмелерінде ата - аналарға арналған ақпараттық стендтер, «Жолда жүре, білейік», «Көңіл күй» бұрыштары, «Мен суретшімін», «Біздің көрме», «Жыл қайыру», «Туған күн», өткізілген ҰІӘ дәлелі ретінде балалардың жұмыстары қойылған. Балабақшаның топ бөлмесінде «Шаштараз», «Дәрігер», «Қазақы бұрыш», «Табиғат бұрышы», «Біз кезекшіміз», «Асхана», «Құрылысшы», «Отбасы», «Кітап» бұрыштары сюжеттік-ролдік ойындардың заманауи ойыншық құрал-жабдықтары жинақталған, Тірі табиғат бұрышында аквариумдағы балықтар, бөлме гүлдері өсіріледі.

Топтарда тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту мақсатында шахмат, шашка, лото, мозайка, үстел- үсті және ірілі ұсақты құрастырмалы ойыншықтар, асықтар жиынтығы бар.

Театрлық іс-әрекеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында драматизациялауға арналған қуыршақтар, үстел- үсті театрлар, көлеңкелі театрларының атрибуттары, сахналық макет үйшіктер жинақталған.

Топтағы көптеген көрінекіліктер тәрбиешілердің өз қолдарымен эстетикалық талғамға сай жасалған. 8 топтың құжаттары талапқа сай жұмыстары жинақталған. Ата-аналармен жұмыс, мектеппен сабақтастық жоспарлары құрылып, өткізілген кеңестер, дөңгелек үстел, баяндамалар, ертеңгіліктер, сауалнамалар папкаға жинақталып хаттамалары толықтай мөрленген.

Тәрбиеленушілерді құқықтық тәрбиелеу, білім беру ұйымында тәрбие жұмысын құқықтық әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету барысында педагогикалық кеңесте мәселе етіп қойылып, талқыланған «Тәуелсіздік және мен» тақырыбына, «Бақытты отбасы» атты жылжымалы папкалар дайындалған. Мектепке дейінгі мекемеде кеңістік - пәндік ортаны дайындау барысында «Тіл туралы Заң», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік

рәміздері», «Біздің жетістіктер», «Ата-аналар, сіздер үшін», «Мемлекеттік қызметтер», «Кәсіподақ бұрышы», «Біздің мақтанышымыз», «Қауіпсіздік бұрышы», «Денсаулық», «Психолог»бұрышы, «Музыка әлемі» сияқты стендтер талапқа сай.

Баланың коммуникативтік дағдысын, танымдық дағдысын, шығармашылық дағдысын, қабілеттерін қалыптастыруда қолданылатын дидактикалық оқу құралдары мен үлестірмелі материалдар жеткілікті және эстетикалық талапқа сай.

Кіші топтарында баланың сенсорлық қабілеттерін арттыруға бағытталған құрал-жабдықтар мен көрнекіліктер эстетикалық талғаммен жинақталған, тәрбиешілердің өз қолдарымен жасалған көрнекіліктері де мол фетра матадан,қалдық материалдармен баланың қызығушылығына қарай әдемі істелген көрнекіліктері мол. Жалпы барлық 12 топ тәрбиешілерінің фетра матасынан балалардың қоршаған ортаны бағдарлай білуге,түйсіктері мен қабылдауларын жетілдіруге,ұсақ саусақ моторикасын дамытуға,түстерді ажыратуға,оларды топтастара білуге бағыттап жасалған көрнекіліктері мол. Сонымен қатар балабақшада «Денсаулық» дағдысы бойынша атқарылатын жұмыстар дені сау ұрпақ тәрбиелеудің маңызды шарттарының бірі болып табылады.Стандарт талаптарына сай денсаулық саласы ең басты міндет.Балабақшада арнайы денешынықтыру маманы бар,арнай спорт залы бар.Оқу жоспарындағы талаптар орындалуда.

Дене шынықтыру іс – әрекеттері,дене шынықтыру құралдарын толық қолданылып жүргізіледі.Балабақшада спорттық мерекелер мен ойын-сауықтар өткізілді жие өткізіледі.

«Әкем, шешем және мен», «Спорт денсаулық кепілі!», «Денсаулық – зор байлық», «Кім күшті», сайысы, «Көңілді доптар», «Көңілді старт» т.б.жарыстары, ата-аналардың қатысу мен ойын-сауықтар өткізілді.

Спорттық –сауықтыру шаралары ата – аналар мен балалар, қызметкерлер арасында да жүргізілген, салауатты өмір салтын, насихаттау ісіне бағытталған іс-шаралар жоспары жасалған.Жазғы сауықтыру шаралары жоспарланып ретімен өткізілген (материалдары жинақталған). 2021 жылдың бүкіләлемді жайлаған ахуалға байланысты соңғы 1 жарым жылдың ішінде жоспарға сай ата- аналармен өткізілетін спорттық шаралардың кешеуілдеткенін айта кету маңызды.Бірақ топтағы балалармен өткізілетін ҮІӨ, спорттық сайыстар жоспар бойынша өткізілген материалдары жинақталған.

**Қорытынды:1.**Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысы «жақсы» деңгейде ұйымдастырылған.

## **Мектепке дейінгі мекемеде балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз орта құру.**

№4 «Гүлдер» бөбекжай-балабақшасында тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында топтардың қабылдау бөлмесінде, топ бөлмелерінде, дәлізде, музыка залында, ас дайындайтын бөлмеде және балабақшаның сыртында 72 дана толық бейнебақылау камералары орналастырылған. Балабақша толықтай жарық пен жылумен қамтамасыз етілген. Жалпы балалар қауіпсіздігін басты назарға ала отырып, білім беру жағдайларын жасау балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім дағдылары мен рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру мақсатында білім беру бағыттарын кіріктіріп, заттық - кеңістікті дамытушы ортаны жабдықтауға, инновациялық әдістермен технологияларды қолдана отырып балалардың қажеттілігі ескерілген.

Барлық топтарда МЖМБС білім беру салалары бойынша жабдықталған :

**«Денсаулық»** дағдысы бойынша:

Топтарда балалардың өз бетінше қимыл-қозғалыс іс-әрекеттеріне, баланың дене бітімі мен психикасын қолайлы сезінуін қамтамасыз ететін, тыныс-алу жаттығуларына арналған түтікшелер, массаж қолғаптары, қимылды ойындар жиынтығы, доптар, атрибуттар, табан бұлшық еттерін жетілдіруге арналған, массажды төсеніштер түрлі пішіні, ойын материалдары бар. Спорттық құрал жабдықтар самокаттар, велосипедтер, секіргіш резина аттар, шаңғы, итеретін арбалар скакалка, обруч, құм салған қалташалар, кеглилер т.б. бар.

Баланың мәдени-гигиеналық дағдыларын кеңейтіп, жетілдіруге арналған сауықтыру-шынықтыру шаралар жоспары жасалған талапқа сай.

**«Қатынас»** дағдысы бойынша:

Балалардың ойын технологиялары негізінде тілдерді ерте үйренуге арналған көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілген. Сөйлеу мәдениеті, дыбыстық мәдениет, дыбыстарды дұрыс айта білуге, ажырата білуге жаттықтыру. Сөздік қорларын дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету, сөзге қызығушылығымен зейінің тұрақтандыру. Грамматикалық дұрыс сөйлеуді жетілдіру, диалогты сөйлеуді қалыптастыру және шығармашылық тілдік қабілетке баули отырып, әдеби шығармаларды тыңдап, әңгімелеу және әңгімені қабылдай білуге үйретуге бағытталып жасақталған көрнекілік құралдары жеткілікті.

**«Таным»** дағдылары бойынша: Баланың танымдық іс-әрекетінің жеке дамуына әсер ететін сенсорлық-дидактикалық ойындары (домино,

құрастырулар, пазылдар түрлері, геометриялық пішін түрлері, әр түрлі конструкторлар, саусақ моторикасын дамытатын ойын түрлері, сенсорлы үйшіктер т\б.) және қоршаған орта мен табиғатты ересектермен бірлесе зерттеуге арналған табиғат бұрыштары тірі табиғат бұрышы аквариум балықтары бар.

**«Шығармашылық»** дағды бойынша:

Тәрбиеленушілердің жас шамасын ескере отырып, бейнелеу құралдарының түрлерімен мен музыкалық аспаптармен, ертегі және әңгімелер тыңдауға арналаған дидактикалық ойындармен, сахналық қойылымға арналған үйшіктермен, театр сахналау, көлеңкелі театр, сахналық ертегі қойылымына арналған алжапқыштар т.б. әр түрлі макеттермен жабдықталған.

**«Әлеумет»** дағды бойынша:

Вариативтік компонентке ықпал ететін, мінез-құлықтың қарапайым ережелерін сақтай отырып, өз құрдастарымен ынтымақтастылыққа тәрбиелейтін жағдай жасалған. Жыл мезгілдері, үй және жабайы жануарлар жинағы, ұлттық бұрыштар, ұлттық ойындар жинақтары жеткілікті деңгейде жинақталған.

**Ұсыныстар:**

1. Дене шынықтыру ҰІӨ-не қажетті жаңашыл спорттық құралдармен қамтамасыз етуді қажет етеді..
2. «Қатынас» дағдысы бойынша балаларға арналған дидактикалық материалмен қамтамасыз етілсін.
3. «Таным» дағдысы бойынша балалардың қызығушылықтарын танытатын материалмен әріде толықтыру

**Қорытынды**

1. Барлық топтарда МЖМБС білім беру салалары бойынша жабдықталған «қанағаттанарлық» деп есептелді.

**Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база**

№4 «Гүлдер» бөбекжай-балабақшасының материалдық – техникалық базасы қамтылған. Балабақша автономдық жылыту жүйесі бар, 2023-2024 оқу жылынан бастап салқын және ыссы сумен толық қамтамасыз етілді.

Тәрбиелеу мен Білім беру үрдісін толық қамту мақсатында өртке қарсы және санитарлық эпидемиологиялық қызметтердің қорытындылары мен анықтамалары жинақталған, тамақтандыру деңгейін растайтын құжаттар мен сертификаттар сақталу мерзіміне сәйкес жинақталған.

12 топта үстел, отырғыш, кереуеттер толық, ойыншықтармен, жиһаздармен және сюжетті ойын бұрыштары жиһаздарымен жабдықталған. 12

топта ойын бұрыштары мемлекеттік стандарт талаптарына сай 5 дағдыға арналған. Медициналық, әлеуметтік жағдайы, балалардың өмірін қорғау және денсаулығының нығайту, интеллектуалдық дамуын,эмоционалдық жағдайын жақсартуды қамтамасыз етеді. Балабақша аумағы қазіргі заман талабына сай жабдықталған. Әр топтың өз ойын алаңы бар,ойын алаңын балалар ойындарына арналған құралдармен жабдықтау, көпшілігін ұжым өз күштерімен және ата-аналардың көмегімен жабдықтаған.Балабақшада әр топтың жеке ойын бөлмелері, ұйықтайтын бөлме, қабылдау бөлмесі, жуыну бөлмелері мен дәретханасы бар.

Меңгеруші, әдіскер\психолог – кабинеті, музыка, дене шынықтыру залы,кір жуу бөлмесі (ішінде үтіктеу),ас дайындайтын асхана және азық-сақтайтын қоймасы бар. Мекемеде 1 проектр ,1- интер бесенді,1 ноутбук, 3 дана принтер, сканер, ксерокс бар, ғаламторға қосылған.

Музыкалық ойын – сауықтарды ұйымдастыруға арналған музыка бұрышы, теледидар, көрнекіліктер, ойын – сауықтарды драмалауға арналған атрибуттар, ертеңгіліктер өткізуге арналған жабдықтары мен би костюмдері жинақталған. Музыка залында музыка жетекшісінің ҰІӨ стандартқа сай өткізіледі. Арнайы маманы бар. Мерекелік ойын- сауықтардың материалдары толық жинақталған 2023-2024 оқу жылдарының перспективалық планы,циклограммалары жинақталған.

Әдіскер\психолог – кабинеттері бар. Психолог педагогтермен, тәрбиеленушілермен, ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жүргізеді. Психологтың жұмысын тексеру барысында түйіндемелер толтырылған,тәрбиеленушілер мен,ата-аналармен жүргізілген жұмыстар жүйеге келтірілген,диагностикалық,сауалнамалар тестлер жинақталған. Педагогтармен жүргізілген кеңес,тренинг,тестер жинақталған.Жылдық жоспар,циклограммалары жинақталған.Психологтың жұмысының негізгі бағыты-тәрбиеленушілердің психологиялық дамуына жағдай туғызу болып табылады.

Аталған мамандардың іс-құжаттары талапқа сай стандарт орындалған.

Топтарда балалардың танымдық қабілетін дамытуға мақсатталған сюжетті, дидактикалық ойындар, әдебиеттер, журналдар топтамасы, әдістемеліктер, көрнекі - құралдар, аудио – видео, аудио ертегі кітаптар бар.

Балабақша қажетті тұрмыстық бұйымдармен: кір жуатын автоматты машина, тоңазытқыштар, үтіктейтін аппарат т.б. жабдықталған.Төсек-жаймасы әр балаға 3 данадан, ыдыстар 300 балаға жеткілікті.

Ас дайындайтын бөлмесі қажетті ыдыс-аяқтары мен құралдармен толық жаңартылып талапқа сай жабдықталған, СанПин талаптарына сай. Ас дайындау бөлмесі 2-электроплитамен, 1-сужылтқыш, 1мұздатқыш, 3-тоңазтқыш, азық-түліктерге арналған үстелдер, ас үй жабдықтары нөмірленген, санитарлық талаптарға сай. Ас дайындайтын 3 аспаз, 2 аспаз көмекшісі жұмыс жасайды. Шикі өнімдерді сақтайтын қоймасы бар. Азық-

түлік сертификаттары жинақталған. Шаруашылық меңгерушісі кіріс-шығыс журналдарын жүргізеді. Балабақшадағы ата-аналармен іс-шаралар жоспар бойынша жүргізіледі, барлық материалдар папкілерге жинақталған. Ата-аналар балабақшадағы жұмысына белсенділік танытады. Балабақшаның басты бағытының бірі балалардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Бөбекжай балабақшада ата-ананың барлық қарым-қатынасы келісім шарт арқылы жүргізіледі. Онда ата-ананың төлем ақысы (тамақтану, балабақша міндеті, ата-ана міндеті) көрсетілген. Ата – ананың бір күндік төлем ақысының бағасы күніне 700 (алты жүз) теңгені құрайды.

Балабақшада медициналық арнайы кабинеті, оқшаулығыш бар, екпе бөлменің лицензиясы бар, медбикеге арналған бөлмесі бар, құжаттары жинақталған. Балаларға медициналық көмек көрсету үшін 1,5 медбике және 0,5 дәмбике штаты, медициналық арнаулы білімі, медициналық білім қызметіне сертификаты бар. Балабақша әкімшілігі материалдық-техникалық базасының нығайуына көңіл бөлген, күрделі жөндеу жұмыстарын талап етпейді. Сыртқы келбетіне ағымды жөндеу жұмысына бюджеттен қаржы бөлінеді. Балабақшаның материалдық - техникалық базасы қанағаттанарлық. №4 «Гүлдер» бөбекжай-балабақшасының материалдық-техникалық базасын жақсарту мемлекеттік сатып алу Заңына сәйкес жүргізіледі. **Ұсыныстар:** 1. Балабақшаға жаңа заман талабына сай құрал жабдықтар алуға бюджеттен қаржы бөлінуі қарастырылсын.

**Қорытынды:** 1. Балабақшаның материалдық-техникалық базасының жағдайы «қанағаттанарлық» деңгейде

№4 «Гүлдер» бөбекжай балабақшасының жылдар бойғы тәрбиеленушілердің мониторингін жүргізу, оның сапасын анықтау бойынша жұмыстары уақытылы жүргізіліп аудандық білім бөліміне үнемі тапсырылып отырды.

Жалпы 2023-2024 оқу жылдары бойынша мониторинг көрсеткіші орта есеппен алғанда жоғары **90%** пайыздық көрсеткішті көрсетті, мұның өзі балабақшаның стандарт талаптарын орындау барысындағы сапасының жеткілікті түрде орындау нәтижесі.

**Қорытынды:**

Тәрбиеленушілердің дамуын бағалау құралдары, бағалау тәртібі стандарт талаптарына сай келеді.

Тәрбиеленушілердің дамуын бағалау мониторинг көрсеткіштері орташа есеппен 90 % -деңгейді құрады.

Тәрбиеленушілердің даму деңгейлерін бағалау мониторингінің сапасын бақылау бойынша жұмыстар жоспарлы түрде жүргізілген, іс-құжаттары талапқа сай жинақталып, талап етуші орынға көшірмелері дайындалды.